Қостанай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 13 қаңтардағы
№ 18 қаулысына
1-қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің
2021 жылғы 24 ақпандағы
№ 89 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) жеке, топтық және кіші топтық сабақтар нысанында жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыратын, туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуы бұзылған балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 89 «Кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелерін құру туралы» қаулысымен құрылған.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

6. Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) мемлекеттік мекемені басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруға «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – басқару органы) уәкілеттік береді.

7. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Ш. Жәнібек көшесі, 107-үй.

## 2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

## 3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні басқа арнайы білім беру ұйымдарына баратын балаларды қоспағанда, туғаннан 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуы бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты жеке, топтық және шағын топтық сабақтар нысанында жеке дамыту және түзеу-дамыту бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

15. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) сөйлеу, интеллект, көру, есту, тірек-қимыл аппаратын, эмоционалды-ерікті саланы дамытуда проблемалары бар, оқуда, қарым-қатынаста, мінез-құлықта қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдерді кешенді оңалту және әлеуметтік бейімдеу;

2) ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламаның негізгі бағыттарын анықтау және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдау мақсатында баланың психофизикалық дамуына пәнаралық командалық және жеке бағалау жүргізу;

3) пәнаралық командалық және жеке бағалау нәтижелерінің негізінде балаға көмек пен қызмет көрсету көлемін, түзету-дамыту сабақтар санының ұзақтығы мен бірізділігін айқындау;

4) пәнаралық командалық және жеке бағалау нәтижелерінің негізінде баланың жеке-дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – ЖДБ) әзірленеді;

5) жеке, топтық және кіші топтық сабақтар нысанында, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеудің басқа да нысандарында жеке дамыту арқылы оқытуды жүргізу;

6) балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және отбасына консультация беру;

7) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелерінде білім беру ұйымдарының мамандарына консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

16. Мемлекеттік мекеменің жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелер жасасуына тыйым салынады.

17. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзіретін бұза отырып, жасаған мәмілесі басқару органының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

18. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды басқару органы жүзеге асырады.

19. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге құқылы;

5) оған осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

7) жергілікті атқарушы органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде ол сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеме басшысын Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқару органы лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, басқару органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттар бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

25. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте көтермелеу шараларын қолданады және оларды тәртіптік жазаға тартады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және жергілікті атқарушы органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5-тарау. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

26. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен қабылданады.

27. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету сабақтың бір циклына жасалатын мемлекеттік мекеме мен ата-аналар (заңды өкілдері) арасындағы шарт негізінде реттеледі.

Мемлекеттік мекемеде балаларға көмек көрсету ұзақтығы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес айқындалады және 3 айдан 12 айға дейін құрайды.

28. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бос орындар болған жағдайда жүргізіледі.

29. Елді мекенде арнайы ұйымдар болмаған жағдайда, мемлекеттік мекеме ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

30. Балаларды оңалту және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік қызмет алу үшін ата-аналар (заңды өкілдер) мемлекеттік мекеменің кеңсесі және/немесе веб-порталдар арқылы көрсетілетін Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларына қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

## 6-тарау. Түзеу-дамыту процесін ұйымдастыру тәртібі

31. Бала мемлекеттік мекемеге түскен кезде оның ерекшеліктерін, сондай-ақ пәнаралық командалық бағалау жүргізу қажеттілігін анықтау мақсатында баланы

психологиялық-педагогикалық зерделеу жүргізіледі.

32. Баланың психофизикалық дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамытушылық бағдарламаның негізгі бағыттарын анықтау және арнайы психологиялық-педагогикалық көмектің тиімді әдістерін таңдау мақсатында жүргізіледі.

33. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланың психофизикалық дамуын бағалауды арнайы педагог (дефектолог, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог; мұғалім-логопед (логопед)), педагог-психолог, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы және әлеуметтік педагог жүзеге асырады.

34. Кәсіби қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік мекеменің мамандары мен педагогтері ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін сақтай отырып, психологиялық-педагогикалық әдістерді, тәрбие-білім беру және түзету-дамыту процесін ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын таңдауда еркін болады.

35. Мемлекеттік мекеменің штаттық құрамы жүгінген балалардың саны және олардың әртүрлі мамандардың қызметтеріне қажеттіліктері негізінде қалыптастырылады.

36. Түзеу-дамыту көмегі мынадай нысанда ұсынылады:

1) жеке;

2) кіші топ/топ;

3) қысқа мерзімді болу топтары;

4) отбасылық кеңес беру.

Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету нысаны баланың психофизикалық жағдайы мен мінез-құлқының ерекшеліктерімен, пәнаралық командалық бағалау мамандарының ұсыныстарымен анықталады.

37. Оқытудың мазмұны пәнаралық командалық бағалау ұсынымдарының негізінде жеке дамыту бағдарламамен анықталады және баланың психикалық дамуының барлық аспектілерін қамтиды.

38. Мемлекеттік мекемеге апта сайын келу мүмкіндігі жоқ ата-аналардың сұрауы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін күндізгі нысанда және/немесе қашықтан оқыту форматында түзете-дамыта оқыту курсын жүргізуге жол беріледі.

39. Мемлекеттік мекемеде үй-жайлар болған кезде балалардың қысқа мерзімді болу топтары, ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттер құрылады.

40. Топтар/кіші топтар балалардың психофизикалық даму деңгейін және мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

41. Балалардың қысқа мерзімді болу топтарының толықтырылуы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекемеге баруға жалпы медициналық қарсы

көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1) декомпенсация сатысындағы соматикалық аурулар;

2) асқынған инфекциялық аурулар;

3) созылмалы ерекше емес аурулар (туберкулез және т. б.);

43. Жеке сабақтарға медициналық қарсы көрсетілімдер:

1) емге төзімді жиілікке қарамастан құрысудың үлкен ұстамалары;

2) әртүрлі генездегі айқын көрінген энцефалопатиялық және психопат тәрізді мінез-құлық бұзылыстары (емдеу кезеңіне).

44. Топтық сабақтарға медициналық қарсы көрсетілімдер:

1) айына 1 және одан да көп рет жиілігі бар эпилепсияның үлкен ұстамалары және аптасына 2-3 және одан да көп рет жиілігі бар шағын немесе тырыспайтын ұстамалар;

2) әртүрлі генездегі энцефалопатиялық және психопат тәрізді мінез-құлықтың бұзылуы (емдеу кезеңінде).

45. Мемлекеттік мекемедегі оқыту білім алушының жеке мүмкіндіктерімен айқындалады және мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

46. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баламен сабақтың ұсынылатын ұзақтығы, егер баланың психофизикалық жағдайына және ата-анасының (заңды өкілдерінің) сұранысына қайшы келмесе, 35-тен 45 минутқа дейін құрайды.

47. Түзету-дамыту курсы аяқталғаннан кейін ата-аналарға (заңды өкілдерге) мамандарды белгіленген нысан бойынша командалық бағалау негізінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау және оңалту нәтижелері туралы анықтама беріледі.

## 7-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

48. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесінің жедел басқару құқығымен берген мүлкі;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

49. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

50. Егер мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

51. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

52. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

53. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизия жүргізуді тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

## 8-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

54. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 9-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

55. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

56. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## 10-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

57. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік заңды тұлға заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

58. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

59. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы тұлғаның мүлкін сату

нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## 11-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

60. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы ________________________________________ ___________
Ф.И.О. (бар болса) қолы

Приложение 1
к постановлению акимата
Костанайской области
от 13 января 2023 года
№ 18

Утвержден
постановлением акимата
Костанайской области
от 24 февраля 2021 года
№ 89

**Устав**
**коммунального государственного учреждения**
**«Кабинет психолого-педагогической коррекции города Аркалыка»**
**Управления образования акимата Костанайской области**

## Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Кабинет психолого-педагогической коррекции города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме государственного учреждения как одного из видов специальных организаций среднего образования для оказания комплексной психолого-педагогической помощи детям с нарушениями в психофизическом развитии в возрасте от рождения до 18 лет, реализующей индивидуально развивающие и коррекционно-развивающие программы в форме индивидуальных, групповых и подгрупповых занятий.
2. Вид государственного учреждения: коммунальное.
3. Государственное учреждение создано постановлением акимата Костанайской области от 24 февраля 2021 года № 89 «О создании некоторых коммунальных государственных учреждений образования».
4. Учредителем государственного учреждения является акимат Костанайской области.
5. Органом, осуществляющим функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения, является акимат Костанайской области.
6. Акимат Костанайской области (далее – местный исполнительный орган) уполномочивает государственное учреждение «Управление образования

акимата Костанайской области» (далее – орган управления) на осуществление ряда функций по управлению учреждением.

7. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Кабинет психолого-педагогической коррекции города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области.

8. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 110300, Костанайская область, город Аркалык, улица Ш. Жанибека, дом 107.

## Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

9. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

10. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

11. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

12. Гражданско-правовые сделки государственного учреждения вступают в силу после его обязательной регистрации в территориальном подразделении казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

## Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

13. Предметом деятельности государственного учреждения является оказание психолого-педагогической помощи детям с нарушениями в психофизическом развитии в возрасте от рождения до 18 лет, за исключением детей, посещающих другие специальные организации образования.

14. Целью деятельности государственного учреждения является реализация индивидуально развивающих и коррекционно-развивающих программ в форме индивидуальных, групповых и подгрупповых занятий.

15. Для достижения поставленной цели государственное учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) оказание комплексной реабилитации и социальной адаптации детей и подростков с проблемами в развитии речи, интеллекта, зрения, слуха, опорно-

двигательного аппарата, эмоционально-волевой сферы, с трудностями в обучении, общении, поведении;

2) проведение междисциплинарной командной и индивидуальной оценки психофизического развития ребенка с целью определения особых образовательных потребностей, основных направлений коррекционно-развивающей программы и выбора эффективных методов специальной психолого-педагогической поддержки;

3) определение объема помощи и услуг ребенку, продолжительности, количества и последовательности коррекционно-развивающих занятий на основе результатов междисциплинарной командной и индивидуальной оценки;

4) разработка индивидуально развивающей программы (далее – ИРП) ребенка на основе результатов междисциплинарной командной и индивидуальной оценки;

5) проведение коррекционно-развивающего обучения в форме индивидуальных, подгрупповых и групповых занятий, а также других форм обучения и воспитания;

6) оказание специальной психолого-педагогической поддержки и консультирования семьи по вопросам развития, обучения и воспитания детей;

7) оказание консультативной и методической помощи специалистам организаций образования в вопросах обучения, развития и воспитания детей с особыми образовательными потребностями.

16. Не допускается осуществление государственным учреждением деятельности, а также совершение сделок, не отвечающих предмету и целям его деятельности, закрепленным в уставе.

17. Сделка, совершенная государственным учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции его руководителя, может быть признана недействительной по иску органа управления  или прокурора

## Глава 4. Управление государственным учреждением

18. Общее управление государственным учреждением осуществляет орган управления.

19. Местный исполнительный орган в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1) закрепляет за государственным учреждением имущество;

2) утверждает устав государственного учреждения, внесение в него изменений и дополнений;

3) принимает решение о реорганизации и ликвидации государственного учреждения;

4) вправе изъять закрепленное за государственным учреждением имущество либо перераспределить, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан;

5) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

20. Орган управления в установленном законодательством порядке осуществляет следующие функции:

1) утверждает индивидуальный план финансирования государственного учреждения;

2) осуществляет контроль над сохранностью имущества государственного учреждения;

3) определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления государственного учреждения, порядок принятия государственным учреждением решений;

4) определяет права, обязанности и ответственность руководителя государственного учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;

5) утверждает структуру и предельную штатную численность государственного учреждения;

6) утверждает годовую финансовую отчетность;

7) дает письменное согласие местному исполнительному органу на изъятие или перераспределение имущества, переданного государственному учреждению или приобретенному им в результате собственной хозяйственной деятельности;

8) осуществляет реорганизацию и ликвидацию государственного учреждения;

9) осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан.

21. Руководитель государственного учреждения назначается на должность и освобождается от должности органом управления, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

22. Руководитель государственного учреждения организует и руководит работой государственного учреждения, несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.

23. Руководитель государственного учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности государственного учреждения в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

24. Действия руководителя государственного учреждения, направленные на осуществление государственным учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

25. Руководитель государственного учреждения при выполнении деятельности государственного учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

1) без доверенности действует от имени государственного учреждения;

2)представляет интересы государственного учреждения в государственных органах, иных организациях;

3) заключает договоры;

4) выдает доверенности;

5) утверждает планы государственного учреждения по командировкам, стажировкам, обучению сотрудников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации сотрудников;

6) открывает банковские счета;

7) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;

8)принимает на работу и увольняет с работы сотрудников государственного учреждения;

9) применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на сотрудников государственного учреждения, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

10) определяет обязанности и круг полномочий своего заместителя (заместителей) и иных руководящих сотрудников государственного учреждения;

11) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и местным исполнительным органом.

## Глава 5. Порядок приема в государственное учреждение

26. Дети с особыми образовательными потребностями принимаются на основании заключения и рекомендаций психолого-медико-педагогической консультации (далее – ПМПК) и с согласия родителей (законных представителей).

27. Предоставление специальной психолого-педагогической поддержки детям с особыми образовательными потребностями регулируется на основании договора между государственным учреждением и родителями (законными представителями), который заключается на один цикл занятий.

Продолжительность оказания помощи детям в государственном учреждении определяется в соответствии с приказом уполномоченного органа в сфере образования и составляет от 3 до 12 месяцев.

28. Прием детей с особыми образовательными потребностями в государственное учреждение ведется при наличии в нем свободных мест.

29. В случаях отсутствия в населенном пункте специальных организаций, государственное учреждение обеспечивает психолого-педагогическую и

медико-социальную помощь детям с особыми образовательными потребностями.

30. Для получения государственной услуги по реабилитации и социальной адаптации детей, родители (законные представители) представляют пакет документов согласно приложению к Правилам оказания государственных услуг в сфере психолого-педагогической поддержки, оказываемых через канцелярию государственного учреждения и/или веб-порталы.

## Глава 6. Порядок организации коррекционно-развивающего процесса

31. При поступлении ребенка в государственное учреждение проводится психолого-педагогическое изучение ребенка с целью выявления его особенностей, а также необходимости проведения междисциплинарной командной оценки.

32. Междисциплинарная командная и индивидуальная оценка психофизического развития ребенка проводится с целью определения особых образовательных потребностей, основных направлений коррекционно-развивающей программы и выбора эффективных методов специальной психолого-педагогической поддержки.

33. Оценку психофизического развития ребенка с особыми образовательными потребностями осуществляют специальный педагог (дефектолог, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, учитель-логопед (логопед)), педагог-психолог, инструктор физической культуры и социальный педагог.

34. Специалисты и педагоги государственного учреждения при осуществлении профессиональной деятельности свободны в выборе методов психолого-педагогической поддержки, способов и форм организации воспитательно-образовательного и коррекционно-развивающего процесса при условии соблюдения особых образовательных потребностей ребенка особыми образовательными потребностями.

35. Штатный состав государственного учреждения формируется на основании количества обратившихся детей и их потребностей в услугах различных специалистов.

36. Коррекционно-развивающая поддержка предоставляется в форме:

1) индивидуальных занятий;

2) подгрупповых/групповых занятий;

3) групп кратковременного пребывания;

4) семейного консультирования.

Форма предоставления психолого-педагогической помощи определяется особенностями психофизического состояния и поведения ребенка, рекомендациями специалистов междисциплинарной командной оценки.

37. Содержание обучения определяется индивидуальной развивающей

программой на основе рекомендаций междисциплинарной командной оценки и охватывает все стороны психического развития ребенка.

38. Курс коррекционно-развивающей поддержки для детей особыми образовательными потребностями проводится в очной форме и/или в дистанционном формате по запросу родителей, не имеющих возможность еженедельного посещения государственного учреждения.

39. При наличии помещений в государственном учреждении создаются группы кратковременного пребывания детей, консультационные пункты для родителей (законных представителей).

40. Группы\подгруппы комплектуются по одновозрастному или разновозрастному принципу с учетом уровня психофизического развития детей и особенностей поведения.

41. Наполняемость групп кратковременного пребывания детей осуществляется в соответствии с Санитарными правилами, утвержденными приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан.

42. Общими медицинскими противопоказаниями к посещению государственного учреждения являются:

1) соматические заболевания в стадии декомпенсации;

2) острые инфекционные заболевания;

3) хронические неспецифические заболевания (туберкулез и другие заболевания).

43. Медицинскими противопоказаниями для индивидуальных занятий являются:

1) большие приступы судорог независимо от частоты, резистентных к терапии;

2) выраженные энцефалопатические и психопатоподобные нарушения поведения различного генеза (на период лечения)

44. Медицинскими противопоказаниями для групповых занятий являются:

1) большие приступы эпилепсии с частотой 1 и более раз в месяц и малые или бессудорожные приступы с частотой 2-3 и более раз в неделю;

2) энцефалопатические и психопатоподобные нарушения поведения различного генеза (на период лечения).

45. Обучение в государственном учреждении определяется индивидуальными возможностями обучающегося и проводится на государственном и русском языках.

46. Рекомендуемая продолжительность занятий с ребенком с особыми образовательными потребностями составляет от 35 до 45 минут, если не противоречит психофизическому состоянию ребенка и запросу родителей (законных представителей).

47. После завершения коррекционно-развивающего курса родителям (законным представителям) выдается справка о результатах психолого-медико-педагогической поддержки и реабилитации детей с особыми образовательными

потребностями на основании командной оценки специалистов по установленной форме.

## Глава 7. Порядок образования имущества государственного учреждения

48. Имущество государственного учреждения составляют активы юридического лица, стоимость которых отражается на его балансе. Имущество государственного учреждения формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником на праве оперативного управления;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

49. Государственное учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

50. Если законами Республики Казахстан государственному учреждению предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то деньги, полученные от такой деятельности, подлежат зачислению в соответствующий бюджет, за исключением денег от реализации товаров (работ, услуг), производимых государственными учреждениями в сферах образования, в соответствии с законами Республики Казахстан.

51. Деятельность государственного учреждения финансируется из местного бюджета и иного источника финансирования, не запрещенного законодательством Республики Казахстан.

52. Государственное учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

53. Проверка и ревизия финансово-хозяйственной деятельности государственного учреждения осуществляется уполномоченным органом соответствующей отрасли в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

## Глава 8. Режим работы в государственном учреждении

54. Режим работы государственного учреждения устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

## Глава 9. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

55. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы государственного учреждения производится на основании решения местного исполнительного органа.

56. Внесенные изменения и дополнения в учредительные документы государственного учреждения регистрируются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

## Глава 10. Условия реорганизации и ликвидации государственного учреждения

57. Реорганизация и ликвидация государственного учреждения производится по решению местного исполнительного органа.

Государственное юридическое лицо ликвидируется также по другим основаниям, предусмотренным законодательными актами.

58. Имущество ликвидированного государственного юридического лица, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется местным исполнительным органом.

59. Деньги ликвидированного государственного учреждения, включая средства, полученные в результате реализации имущества этого лица, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

## Глава 11. Сведения о филиалах и представительствах государственного учреждения

60. Государственное учреждение филиалов и представительств не имеет.

Руководитель _______________________________ __________

Ф.И.О. (при его наличии) подпись

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 23 ж. « 06 » ақпан

Бұрын 2021 ж. « 15 » наурызда

БСН 210340017127

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Нөмірленген, тігілген және мөрмен
бекітілген, барлығы 19 парақ

20 23 ж. « 06 » 02